

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ШЕШІМ		АКИМ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕШЕНИЕ
--	---	---

20 жылғы _____ № _____
Орал қаласы

**Батыс Қазақстан облысында
Қазақстан Республикасының
2015 - 2025 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
стратегиясын іске асыру және
көлеңкелі экономикаға қарсы
іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017
жылдарға арналған іс-шаралар
жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындау және осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру мақсатында Батыс Қазақстан облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Батыс Қазақстан облысында Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері, басқармалардың басшылары Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін, облыс әкімінің аппаратына Жоспарда көрсетілген тиісті мерзімнен кешіктірмей Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсынсын.

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны іске асыру жөніндегі облыстық іс-

шаралар жоспары туралы» 2011 жылғы 29 сәуірдегі №13 Батыс Қазақстан облысы әкімінің шешімі бұзылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы М.Л.Тоқжановқа жүктелсін.

Н.Ноғиев

2015 жылғы 11 маусымдағы
№ 26

Батыс Қазақстан облысы
әкімінің
шешімімен бекітілген

Батыс Қазақстан облысында Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімдері	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
1	Жергілікті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі туралы арнайы тараулардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	интернет-ресурстарда тараулар	Облыс әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімі, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері, басқармалар	тұрақты	талап етілмейді	
2	Ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері үшін портативтік бейнетіркеуіштермен жабдықтау	ІІМ-ге ұсыныстар	БҚО ІІД (келісім бойынша), қаржы басқармасы, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	2015 жылдың 3-тоқсаны	талап етілмейді	

	нормаларын әзірлеу және бекіту					
3	Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына құжаттарды қабылдау процесін автоматтандыру мәселесін пысықтау	БҒМ-ге ұсыныстар	Білім басқармасы	2015 жылдың 4-тоқсаны	талап етілмейді	
4	Кәсіпкерлерге жануарлардан алынған өнімдердің (ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сондай-ақ ара шаруашылығының өнімдері) қауіпсіздігін растайтын құжатты (өнімнің түрін, санын, иесінің Т.А.Ә., межелі объектісін көрсете отырып, сараптама актісінің телқұжаты) базарларда жұмыс	АШМ-ге ұсыныстар	Ауыл шаруашылығы басқармасы, ветеринария басқармасы, кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	2016 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	

	істейтін ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларынан тікелей алуға мүмкіндік беру арқылы жеке және коммуналдық базарлардың қызметіндегі әкімшілік кедергілерді алып тастау					
Қоғамдық бақылау институтын енгізу						
5	Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу бойынша мәліметтерге, сондай-ақ тұрғын үй алған азаматтардың тізімдеріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету	ақпаратты жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық интернет-ресурстарында орналастыру	Аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	тұрақты	талап етілмейді	
Квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
6	Далалық жұмыстарды жүргізу үшін облыс бойынша ЖЖМ жеткізудің бірыңғай операторын айқындау	ЭМ, АШМ-ге ұсыныстар	Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, ауыл шаруашылығы басқармасы	жыл сайын	талап етілмейді	
7	Далалық жұмыстарды жүргізу үшін облыс	ЖЖМ жеткізу және көлемін бөлу	Ауыл шаруашылығы басқармасы,	жыл сайын	талап етілмейді	

	бойынша ЖЖМ көлемдерін айқындау және бөлу	кестесі	экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы			
8	Кондоминиум объектісіне қызмет көрсететін ұйымдардың халық қаражатын жұмсау тәртібін регламенттеу	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру

9	Көрнекті ғалымдардың, мемле-кеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдастықтың өкілдері мен басшыларының сөз сөйлеуін көздей отырып, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және оған қарсы күрес мәселелері бойынша брифинг-терге, интернет-конференция-ларға, телевизиялық бағдарла-маларға және «тікелей желілерге» қатысуын қамтамасыз ете отырып,	ақпараттық-насихаттау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жоспар, БАҚ-та мақалаларды, сұхбаттарды жариялау, телерадио хабарларды, сюжеттерді шығару	Ішкі саясат басқармасы, жастар саясаты мәселелері басқармасы, мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, МҚІСҚА БҚОД (келісім бойынша)	тұрақты	талап етілмейді	
---	--	---	---	---------	-----------------	--

	қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында БАҚ-та ауқымды ақпараттық-насихат жұмысын ұйымдастыру					
10	Жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестердің жұмыс жоспарларында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мәселелерді көздеу	жұмыс жоспары	Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі, ішкі саясат басқармасы	тұрақты	талап етілмейді	
11	Жастар ұйымдарын тарта отырып және оқу бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мәселелерін енгізе отырып, білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті	жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары	Білім басқармасы, жастар саясаты мәселелері басқармасы, ішкі саясат басқармасы	жыл сайын	талап етілмейді	

	қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту					
Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау						
12	Халық тарапынан сыртқы бағалауды алу және қоғам пікірін есепке алу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі жоспардың іс-шараларының орындалу барысы туралы есептерді БАҚ-та, сондай-ақ интернет-ресурстардың арнайы тарауларында жариялау	жарияланым дар	БҚО әкімдігінің баспасөз қызметі, МҚІСҚА БҚОД (келісім бойынша)	жыл қорытындысы бойынша жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей	талап етілмейді	
13	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуы туралы жыл сайынғы есепті БАҚ-та орналастыру	есеп	БҚО әкімдігінің баспасөз қызметі, МҚІСҚА БҚОД (келісім бойынша)	жыл қорытындысы бойынша жыл сайын, 15 сәуірден кешіктірмей	талап етілмейді	
Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл						
14	Іс-шараларды жоспарлау мен іске асырудың барлық кезең-дерінде	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы,	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	

	бюджетті қалыптас- тыруға қатысушыларды жауап-кершілікке тартудың және жауапкершіліктің аражігін ажыратудың тиімді тетігін құру мәселесін пысықтау		қаржы басқармасы			
15	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді стан- дарттау жөніндегі жоспарды әзірлеу	ИДМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық- инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
16	Олардың ашықтығын арттыру мақсатында квазимемлекеттік сектордың сатып алу тетігін, оның ішінде тауарды немесе көрсетілетін қызметті егжей- тегжейлі сипаттай отырып, тендерді ұтып алған тұлға, баға туралы толық ақпаратты, сондай- ақ өндіруші туралы ақпаратты жариялау жолымен жетілдіру	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Мемлекеттік сатып алу басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
17	Сауда базарларын заманауи форматқа кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық- инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2- тоқсаны	талап етілмейді	

	мәселені пысықтау					
18	Инвестициялық артықшылық-тар берілетін экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесіне ірі сауда объектілерінің (дүкендердің, сауда үйлерінің) құрылысын енгізу мәселесін пысықтау	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
19	Елді мекендердегі сауданы ұйымдастыру және аудандас-тыру бөлігінде ішкі сауда қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
20	Коммуналдық сауда алаңдарын ұлғайту және коммуналдық сауда алаңдарына мұқтаждарды қамтамасыз ету	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
21	Сауда объектілері әкімшілік-терінің мемлекеттік кірістер органдарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген және/немесе ресми еңбек қатынастарын ресімдемеген жалға	ҰЭМ-ге ұсыныстар	Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	

	алушы жеке тұлғаларға алаңдарды беруі бойынша бақылауды жетілдіру мәселесін пысықтау					
22	Жеке қосалқы шаруашылық-тарда мал басын есепке алуды жетілдіру мәселесін пысықтау	АШМ-ге ұсыныстар	Ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
23	Кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, ауыл шаруашылығында жұмыс-пен қамтылған халықты заңдастыру бойынша жағдайлар жасау және ынталандыру шараларын жүргізу жөніндегі жұмысты жалғастыру	АШМ-ге ақпарат	Ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
24	ЖҚШ-да мал басын лимит-тейтін нормалар мәселесін пысықтау	АШМ-ге ұсыныстар	Ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	
25	Билеттерді тіркеу және есепке алу үшін «Жолсеріктің	ИДМ-ге ақпарат	Жолаушылар көлігі және автомобиль	2015 жылдың 2-тоқсаны	талап етілмейді	

	мобильді терминалы» бағдарламалық-аппараттық кешенін дамыту және енгізу		жолдары басқармасы			
26	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар бөлінісінде түсетін өтініштерге талдау жүргізу мүмкіндігімен мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылардың шағымдарын қабылдау процесін автомат-тандыру және оларды қарау қорытындыларын Қаржымині-нің интернет-ресурсында жариялау үшін «электрондық үкімет» және «электрондық мемлекеттік сатып алу» порталдарымен ықпалдастыру бөлігінде ЭҚАБЖ-ны пысықтау	ИДМ, ҚМ-ге ұсыныстар	Мемлекеттік сатып алу басқармасы	2016 жылдың 1-тоқсаны	талап етіледі	республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде
27	Мұнай және мұнай өнімдерін, қатты пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен	ЭМ-ге ұсыныстар	Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы,	2017 жылдың 1-тоқсаны	талап етілмейді	

<p>кең таралған пайдалы қазбалар өндірісі мен айналымын бақылау мақсатында қолданыстағы «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі» ақпараттық жүйесін және ілеспелі инфрақұрылымды пысықтау, сондай-ақ уәкілетті және бақылаушы мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру</p>		<p>энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы</p>			
---	--	--	--	--	--

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МҚІСҚА БҚОД	-	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыртқы қарым-қатынас қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті
ІІМ	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
БҚО ІІД	-	Батыс Қазақстан облысының ішкі істер департаменті
ҚМ	-	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
БҒМ	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ИДМ	-	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
ҰЭМ	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ЭМ	-	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
АШМ	-	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ЭҚАБЖ	-	электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі
БАҚ	-	бұқаралық ақпарат құралдары
ЖҚШ	-	жеке қосалқы шаруашылық
ЖЖМ	-	жанар-жағармай материалдары